

Сәдуақас Есімбай

**Үшқоңыр – алтын
бесігім**

**Ушкoныр – золотая
моя колыбель**

**Ushkonur – my golden
cradle**





Менің тағдырым сол кездегі менімен замандас туған балалардың тағдырынан ешқандай айырмашылығы жоқ деп санаймын.

Н.Ә. Назарбаев

"My destiny does not differ from the destiny of my contemporaries"

N.A. Nazarbayev

Думаю, моя судьба ничем не отличалась от судьбы тех детей, кто родился со мной в одно время.

Н.А. Назарбаев

Сәдуақас Есімбай

**ҮШҚОҢЫР – АЛТЫН
БЕСІГІМ**

**УШКОНЫР – ЗОЛОТАЯ
МОЯ КОЛЫБЕЛЬ**

**USHKONYR – MY GOLDEN
CRADLE**

УДК 342
ББК 67.400.6
Е 87

Автордан

Кітапты шығаруға демеуші болған «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық
Компаниясының ұжымына және оның президенті
Асқар Ұзақбайұлы Маминге айрықша алғысымды білдіремін.

От автора

Особую признательность за спонсорскую помощь в публикации книги хочу
выразить Национальной компании «Қазақстан Темір Жолы»
и ее президенту Мамину Аскару Узакбаевичу.

From the Author

I would like to express my gratitude to the National Company «Қазақстан Темір Жолы»
and its President Mamin Askar for the financial support in the publication of the book.

Е 87

Сәдуақас Есімбай. “Үшқоңыр – алтын бесігім”. /Алматы, “Кітап” баспасы,
2010. – 472 б.

Бұл кітап тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың туған жері, балалық шағы, өскен ортасы, арманын қанаттандырып ұшырған ұясы, бірге оқыған сыныптас достары жайында сыр шертеді, сондай-ақ Жетісу жерінің, әрі қалың қазақтың мақтанышына айналған, тарихи тұлғалары, қайталанбас дарынды өнер иелері жайында баяндалады.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

Эта книга повествует о детстве Н.А.Назарбаева, первого Президента нашего суверенного государства.

В книге рассказывается о его родной земле, детских и школьных годах, людях, среди которых он жил и вырос, о его жизненном пути.

Даются сведения о неповторимых исторических личностях, являющихся гордостью обетованной земли – Жетісу и всего казахского народа.

Книга предлагается широкому кругу читателей.

This book tells about the childhood of the first President of the Independent Kazakhstan, N.A. Nazarbayev. The book has information about the President's birthplace, his ancestry, his mother-town where he grew-up, also about his schoolmates, his friends and an idyllic corner of the earth- Zhetisu. Moreover, it relates the story of the historical personalities, who created our great traditions, kept peace of the nation and became the pride of all Kazakh people.

The book is offered to the general reading public.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 9965-847-86-X

© С.Есімбай, 2010
© “Кітап” баспасы, 2010



АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында, табиғи байлығы мол, өзінің даму жолын таба білген ел.

Бүгінде Қазақстан үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақтылы жүзеге асырып, өркениет көшінен өзінің лайықты орнын иеленуге ұмтылып отыр. Қазақстанның тәуелсіздігі бірнеше мыңжылдық тарихы бар қазақ халқының өміріндегі жаңа кезеңнің, яғни жаңа тарихының бастауы болды.

Қазақтар еркіндікті ежелден аңсаған. Еңселі ел болу олардың асыл арманы болды. «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп жырлады елім деп еңіреген жырауларымыз.

Қазақ жерінде атқан Тәуелсіздік таңы Қазақстанның сахарадай кең де, дархан даласының төсін қанымен де, ащы терімен де суарған ата-бабаларымыздың қасиетті күресінің заңды жемісі, нақты нәтижесі.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізген салиқалы саясатының нәтижесінде еліміз өркениетті әлем көшіне қосылып, экономикасы дамыған елге айналды.

Осы жиырма жылға жетер-жетпес уақыт аралығында жаңа экономикалық жүйенің іргетасы қаланып, халқымыздың әл-ауқаты жақсарды.

Қазақстан халықаралық қоғамдастықта өзін өңірлік көшбасшы ретінде таныта білген мемлекетке айналды. Бұған дәлел— Қазақстанымыз 2010 жылы бүкіл бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасынан, бүкіл түркі тілдес елдер арасынан, бүкіл мұсылман әлемі арасынан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сынды


аса беделді ұйымға тұңғыш төраға болып сайланды, алдағы 2011 жылға Ислам конференциясы ұйымына төрағалық тізгінін қолға алғалы тұр.

Тәуелсіздіктің таңсәрі шағында ұйтқи соққан желдерден де, асу-асу белдерден де белімізді талдырмай, жолымыздан адастырмай ұлы мұраттарымызды жүзеге асыру жолында ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, туған еліміздің өркендеуіне жағдай туғызған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың кең пішіп, кемел ойлаған саясаты екендігі даусыз.

Қазақтың дуалы ауыз ақыны Әбубәкір Кердері: “Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, болса егер қабырғалы халқы оның”, – деп жырлап өткен өз заманында. Қазақ халқының тарихи тұлғаларына деген марапат-құрметінің соншалықты баянды екені қайран қалдырады. Өйткені сонау қадым заманнан бері тұлпар тұяғының дүбірімен тыныстаған қазақ даласының төсінде елдің елдігін сақтап, ұланғайыр жерін сұқ көзден қорғап қалған небір орасан зор тарихи оқиғалар өткенін тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, өз билігіміз өз еркімізге тиген соң ғана мұрағат қойнауларын ақтарып, біле бастағанымыз жасырын емес. Қиындықтарға мойымайтын, еліне лайық ер туса, олардың есімін тұтас ру мен киелі туған жерге бұйыртып отырған.

Тарих – халықтың кешкен өмірі, пешенелі тағдырының тасқа басылған айғағы және өлмес тірі шежіресі. Зымыран уақытпен шендес кеңістік үшін көзді ашып-жұмғандай ғана мезетте көкірегімізге хатталып, санамызға өшпестей із қалдырған ТӘУЕЛСІЗДІК тарихын жазудың да өз кезегі келген секілді. Президенттің өзі “**Жүз жылға татитын он жыл**” деп баға берген тәуелсіздіктің он жылдық мерейтойын салтанатпен атап өткеніміз кеше ғана еді. Одан бері де көзді ашып-жұмғанша тоғыз жылды артта қалдырдық. Өткенімізге сын көзбен қарасақ, сүрінгенімізден сабақ ала отырып, материалдық, рухани тұрғыда биік белестерді бағындырып, өскенімізді, алға озғанымызды байқарымыз хақ.





ТУҒАН ЖЕРІ

Қазақ жерінде ел басқарған даналар, қол бастаған батырлар, сөз саптаған би-шешендер, ақын-жазушылар, өнші мен күйшілер, ғалымдар мен білгірлер шықпаған ауыл, аймақ, өңір жоқ деп айтуға болады.

Топырағы құтты Жетісу жерінде де қалың қазақтың мақтанышына айналған, жақсы дәстүрлерімізді жаңғыртқан, ел басына күн туғанда елін жаудан қорғаған еңіреген ерлер, ел игілігіне қызмет еткен біртуар дара тұлғалар өмірге келген: Сондай топырағы құнарлы, жер жаннаты – Жетісуда да қалың қазақтың мақтанышына айналған, жайсаң және жақсы дәстүрлерімізді жаңғыртқан, елдің тыныштығын қорғаған, сақтаған, ел игілігіне қызмет еткен біртуар дара тұлғалары аз болмаған.

Ұлы жүз Үйсіннің – Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты мен Ошақты рулары өздерін Бәйдібек бабамыздан тарадық деп санайды. Бабамыз **Бәйдібек Қарашаұлы (VI-VII)** Жетісу өңірінде ақыл-парасатымен, ерлік істерімен елге ұйытқы болған тарихи тұлға.

Бәйдібек бабамыздың өмір сүрген заманы Ұлы Тұран даласын қоныс еткен көшпелі тайпалардың арасында этникалық тұтастану үрдісі қызу қарқынмен жүріп, мемлекеттің іргетасы қаланып, Түрік қағанатының тарих сахнасына шыққан кезі болатын. Бәйдібектің ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ұйытқы болуымен, көреген көсемдігімен ел жадында қалғандығы айқын көрінеді.

Құтылығұлы Күлтегін (684-731) – біздің заманымыздың VI-VIII ғасырлары аралығында қазіргі Қазақстан және Монғолия жерінде түркілердің ірі хандық мемлекетін құрған Ұлы Түрік қағаны, Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы “Көк түркінің көк семсері”

Қазақ халқының да дара мемлекет болғанының бастауы жазба тарихтағы Күлтегін ханнан бермен таратылады.

Меннен туған Майқы атамыз (XII-XIII) қара қылды қақ жарған әділдігімен әйгілі болған би. Жұрт ол сөйлегенде

сілтідей ұйып отырады екен. Майқы би қазақ руларын үш жүзге бөліп: Үйсін бастаған бөлікті – **ұлы жүз**, Арғын бастаған бөлікті – **орта жүз**, Алшын бастаған бөлікті – **кіші жүз** деп атайды. Ел аңыздарының деректеріне қарағанда, Майқы бидің өз заманында ел қамын ойлаған үлкен ойшыл, халықтың әдет-ғұрып, салтын, жөн-жоралғысын заңға айналдыруда орны ерекше екенін және артына өлместей сөз қалдырғанын “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген бір ауыз сөзінен-ақ көреміз.

Майқы бабамыздан көптеген даналық сөздер қалған, соның кейбірі хатқа түскен:

*Ханның биі ақылды болса,
Қара жерден кеме жүреді.
Би екеу болса,
Дау төртеу болады.*

*Парақор биге ісің түспесін,
Сараң үйге кісің түспесін.*

*Алтау ала болса, аузыңдағы кетер,
Төртеу түгел болса, төбедегі келер.*

*Бірлік түбі – береке,
Береке түбі – мереке.*

*Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен
Ел болуды ойлаңдар!*

*Дауыл болмай жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.*

Егіз ешкі сауын болмас,
Екі жалқау ауыл болмас.

Естіге айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен тумен тең.
Езге айтылған тура сөз,
Құмға сіңген сумен тең.

Жаман еркек жер қадірін білмес,
Жайсыз әйел ер қадірін білмес.
Жалқау адам тер қадірін білмес,
Жетесіз жігіт ел қадірін білмес.

Аспан ашық болса,
Күн шуақты болар.
Хан әділ болса,
Халық ынтымақты болар.

Таста тамыр жоқ,
Ханда бауыр жоқ.

“Кімнен кім туады?” деген сұраққа Майқы би былай жауап беріпті:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.

Масылдан малбақпас туады,
 Тілазардан қылжақпас туады.
 Таздан жарғақбас туады,
 Сараңнан бермес туады.
 Мылжыңнан езбе туады,
 Қыдырмадан кезбе туады.

Сәбитұлы Асан Қайғы (XIV-XV) – Еділ бойында дүниеге келген. Халидұлы Құрбанғали өзінің “Тауарих хамса” атты еңбегінде әйгілі Майқы биді Асан Қайғының арғы атасы еді дейді. Асан Қайғы Алтын Орданың хандарына сөзін өткізетін беделді би болған.

Асан Қайғының жыр-толғаулары мен нақыл сөздеріне қарағанда, оның ішінде, әсіресе “Жерұйық” іздеуіне қатысты айтылған аңыздарынан халықтың басын құрап, ірге орнықтырып, ел болу қамын ойлауда оған шешуші міндеттің жүктелгені байқалады.

Елдің ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұрат еткен Асан Қайғы Алтын Ордадан бөлінген қазақ руларын Шу, Сарысу бойына, Ұлытау төңірегіне қоныстандыруға атсалысып, халықтың темірқазығындай бағдаршы болып өткені мәлім.

Ел ішіндегі шежіре сөздер мен күй аңыздарына сүйенсек, Асан Қайғы халық қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге дәулескер күйші де болған. Бүгінгі күнге “Ел айырылған”, “Асан Қайғы”, “Желмаяның жүрісі”, “Зар” сияқты ел аузында сақталған санаулы күйлері ғана жеткен. Шоқан Уәлихановтың жазуында Асан ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүние салған.

Жиренше шешен (XV) – айрықша ақыл-парасатымен, тапқырлығымен ерекшеленген, аты аңызға айналған діл-мәр шешен. Әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресуші, қазақ хандығын құрысуға белсене қатысқан Жәнібек ханның ақылшысы, досы, сонымен қатар ханды әшкерелеуші және ханның зорлығына өзінің ақыл-парасатын қарсы қоюшы, әзіл-қалжың сөздері мен тапқыр ақыл иесі ретінде

Жириенше есімі ұмыт болмай, ғасырдан ғасыр асып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Жәнібекұлы Қасым хан (1445-1518) – қазақтың ұлы ханы және қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханның ортаншы баласы.

Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы өзінің дәуірлеу биігіне көтерілді және көршілерімен достық, дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Қол астындағы халқының қамын ойлап, бейбітшілік сүйгіштігіне, даналығына тәнті болған көрші елдер мұның қарамағына өз еріктерімен енгендіктен, Қасым хан үлкен әскери күшке ие болып, хандықты нығайтып, халқын көбейтіп, жерін кеңейтіп, даңқы алысқа жайылып, “Қасым ханның қасқа жолы” деген атпен қазақтың тұңғыш конституциялық құжатының негізін қалауымен әйгілі болған ұлы хан.

Дулат Құсайынұлы Мұхаммед Хайдар (1499-1551) – әйгілі тарихшы, әдебиетші, Жетісу жеріндегі Дулат тайпасы өмірлерінің ұрпағы. Моғолстан мен іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін “Тарихи Рашиди” кітабы мен “Жаһаннама” дастанының авторы.

Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары кезінде Моғолстан мемлекетінде (Қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан және Шығыс Түркістан) ұлысбегі, тархан қызметтерін атқарған. Әкесі Мұхаммед Құсайын Ташкентті басқарған. Анасы Хуб-Нигар ханым Моғолстанды билеген Жүнісханның қызы. Сонымен қатар Моғолстанның Сұлтан Саид және Үндістандағы баласы Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захираддин Мұхаммед Бабырмен бөле болған. Ол сол кездегі саяси және соғыс оқиғаларының куәсі болған және оған қатысқан қайраткерлерді, сондай-ақ Моғолстан мемлекетінің, Қазақ хандығының тарихын жетік білген. Қашғардағы Сұлтан Саид ханның сарай қызметін басқарады және баласының тәрбиешісі болады. Саид ханның Әбубәкірге қарсы соғыстарына қатысады. Сұлтан Саид өлгеннен соң және немере ағасы Саид Мұхаммедті жаулары өлтіргеннен кейін Дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, Мұхаммед Хайдар Үндістанға қашады. Ол мұнда

Ұлы Моғолдар сарайында әскербасы болып, Кашмирді жаулап алу соғысына қатысып, жеңістен кейін Ұлы Моғолдар атынан Кашмирді билеп тұрады. Өзінің куә болған жайлары жөнінде жазып кеткен еңбектерінде ол орта ғасырдағы қазақтарға, әсіресе Дулат тайпасының тарихына қатысты құнды деректер береді. Сол кездегі Қазақ хандығының құрылуы, қалыптасуы және олардың қырғыздармен, өзбектермен қарым-қатынасы жайында кеңінен айтылады. Сондықтан автордың “Тарихи Рашиди” кітабының аса құндылығы осында.

Жалайыр Қосымұлы Қадырғали (1530-1605) – орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы, атақты биі. Оның шыққан тегі Ұлы жүздің Жалайыр тайпасынан.

Қадырғалидің ата-бабалары Қарахандар әулеті билігінен бері хан сарайында ханның ақылшы-кеңесшісі, қол бастар батырлары болған. Жастайынан білім алып, араб, парсы, орыс тілдерін меңгерген Қадырғалидің өзі де хан сарайында қызмет атқарып, хан баласын тәрбиелеген. Кезінде Көшім хан оны Төбе биі етіп сайлап, өзінің ақылгөй кеңесшісі еткен.

1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов сол кездердегі соғыстарда ерлік көрсеткен туысы Ораз Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп қояды. Көптеген жылдар Ресейде ханның жанында жүрген 70 жастағы Қадырғали төрт биінің бірі болып тағайындалады. Пайғамбар жасынан асқан шағында ғылыммен шындап айналысады. Шығыстың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын терең зерттейді. Соның нәтижесінде “Жами-ат-Тауарих” (“Жылнамалар жинағы”) атты әлемге әйгілі болған өзінің атақты еңбегін жазады. “Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралап, әділ үкім, нақыл сөздерге қанық көптеген кітап оқыдым” деп жазады ол өзі жайында.

“Жылнамалар жинағы” – орта ғасырдағы қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығармалардың бірі. Өзінің осы еңбегінде қазақ хандығының ішкі, сыртқы жағдайлары, ру-тайпалардың халық болып қалыптасуы және хандардың төңірегіндегі түрлі топтардың саяси сипаттары, ахуалдары

жөнінде аса құнды мәліметтерді беріп, тарихи шындықты көрсетеді.

Жанысұлы Қапал (1513-1606) – Қапал батыр бір рудың ғана қамын жеп, сойылын соқпаған. Ол бүтін қазақ елін, жерін, Жетісу өлкесін, Сыр бойын қандықол көршілердің тепкісінен сақтау жолында, Жоңғар Алатауын қара қытайлардан азат етуде аянбай күрескен түмен қолбасшылардың бірі болған. Бұрынғы Верный (Алматы) губерниясында, Қапал уезінде Ешкіөлмес деген тау бар, сол таудан 40 шақырым жерде Қапал қаласы орналасқан. Сол кезеңде Ресей патшасының отаршылдық саясатына байланысты, Сібірден және Семейден шыққан патша әскерлері біртіндеп бүкіл Жетісу өлкесін басып алуға кірісті. Сөйтіп кезек Қапал өңіріне де келді. Осы басқыншылық саясаттың салдарынан патша әскерлерінің жан төзгісіз қысымын көрген Қапал ұрпақтары аса құнарлы, емдік ыстық шипалы сулары бар Арасан-Қапал, Қапал-Арасан, Қапал қаласы, Қапал уезі сияқты сан ғасырдан бері орныққан атамекендерінен ығысуға мәжбүр болды. Содан Қапал ұрпақтары республикамыздың Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарына қарай ығысты. Олардың бір бөлігі Шапырашты бұғарының рұқсатымен Шамалған және Қарғалы өзендерінің ортасында жатқан қырқаға орын тепті. Жайлауы Үшқоңыр тауындағы Жасылкөл мен Құмбел болса, қыстаулары – Сарытауқұм, Қазыбек, Жалпақтас жазығында болды. Шамалған жерінде Қапал ұрпақтары қоныстанған сол Қапал қырқасында 1926 жылы “Еңбекші” колхозы құрылды.

Қарасай Алтынайұлы (1589-1671) – қазақтың қаһарман батыры, әйгілі қолбасшысы, есімі шапырашты ұранына айналған аса көрнекті тарихи тұлға. Қарасай батырдың бүкіл саналы ғұмыры туған жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғауға арналды. Даланың бір шежіре деректерінде шапырашты Қарасай батыр үш мың қолмен жоңғардың ондаған мың әскеріне қарсы (1643 жыл) тұрып, ерлік көрсеткенін атақты Сүйінбай жырау:

Қарасай халқы үшін атқа мінді,
 Шыдамай жауыздыққа неше түрлі, –дей келе:
 Сол қуғаннан қуылды Шудан бастап,
 Қалмақ қашты баласың, малын тастап.
 Әйеліне қарауға шамасы жоқ,
 Келіп еді о баста жерді ластап, – деп суреттейді.

Атыңнан айналайың, хан Көшегім,
 Ұрпағың тұтқа болар елге сенің.
 Ақиқат, алыс күнді болжамасам,
 Қалайша Байтоллага жол кешемін.
 Терең сөз, текті тұқым дегендейің,
 Билікке кім бар екен сенен бейім.
 Маңғаз басқан керуеннің басы едіңдер,

Баласы хан Көшектің, сау бол деймін, – деп, осыдан бір ғасыр бұрын үлкен Алматы болысының биі Дүйсебай Шорманұлы атамыз жырлағанда, бүгінгі күнді болжаған көріпкелдігіне таңғаламыз.

“Аруақты жерден ат үркеді” дейді кемеңгер халқымыз. Сол ұлы аруақтардың бірі бабамыз Қарасай батыр жайлы ел аузына бақсақ, халқымыздың төбе биі – Төле бидің өзіне бата бергені туралы халық ақыны Қ.Байболовтың “Төле би” дастанында айтылады. Қызыл жолбарысты қызырлы бабамыздың ерлігін ұлы жырау Сүйінбай Аронұлы былай толғаған:

...Алмас қылыш асынған,...
 Арыстан болған жасынан.
 Қол үзілмей қасынан,
 Дулыға кетпей басынан.
 Құрсанған жаудың әскерін
 Қуып еді, Қарасай!..

Сүйінбайдың шәкірті, жыр алыбы Жамбыл:

Арғы атам аруақты ер Қарасай,

Теңселген дүбірінен тау менен сай, – деп тебірене жырлауының зор тарихи мәні бар.

Қазақ халқының батырларға деген марапат-құрметінің соншалықты баянды екені қайран қалдырады. Жеріміз бүтін, еліміз аманда осындай биік мәртебеге лайық қазақтың перзенті Қарасай батыр екенін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Еліне лайықты ер туса, олардың есімін тұтас ру мен киелі туған жерге бұйыртып отырған. Жеріміз бүтін, еліміз аман болса ерлер есімі ел жадынан өшпек емес.

Төле би Әлібекұлы (1663-1756) – XVII-XVIII ғасырлардағы көрнекті мемлекет қайраткері, Тәуке ханның тұсындағы «Жеті жарғы» заңының дүниеге келуіне өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Өз Тәукенің бас кеңесшісі, Абылай ханның тікелей жолбасшысы. Қара қылды қақ жарған әділдігімен халық арасында зор құрметке ие болып, ұлы жүздің бас биі дәрежесіне ие болған. Артындағы ұрпақтарға мол шешендік өсиеттер мен нақылдар, асыл сөздер қалдырды. Сәлем берген тоғыз жасар балаға Төле би:

– Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа, не қалайсың балам? – депті.

Сонда бала:

– О, қасиетті, баба! Ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады. Атқа, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз соған ризамын, – депті.

– Онда қолыңды жай, балам, – деп Төле би:

*Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,*

Қараны қара деп қарала.
 Өзегің талса, өзен бойын жағала.
 Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
 Өзіңе-өзің кәміл бол!
 Халқыңа әділ бол!
 Жауыңа қатал бол!
 Досыңа адал бол, аумин! – деп бата беріпті.

Тәуке ханның тұсында Төле би “Билер кеңесінің” мүшесі ретінде, орта жүздің төбе биі Келдібек ұлы Қазыбек пен кіші жүздің төбе биі Байбекұлы Әйтекемен бірге Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүздің ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, Қазақ хандығын нығайтуға, шиеленіскен соғыс жағдайындағы жоңғар шапқыншылығына қарсы қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтарының одағын құруға белсене қатысады. Ел өміріндегі маңызды мәселелер қаралатын жыл сайын өтетін бүкілхалықтық жиынды ұйымдастырушылардың бірі болған.

Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, билік кесімдер де ел арасына кеңінен тараған.

Алматы облысы, Қарасай ауданының тұрғыны Төле бидің жетінші ұрпағы Тәжіханұлы Әбдісаттарға: “Кешегі билер шешімдері мен бүгінгі сот шешімдерінің дәстүр жалғастығы бар ма?” дегенімде ол: Ата-бабаларымыз, яғни қазақ елі, заң мәселелерін ешбір құқық қорғау органдарынсыз-ақ шешіп отырған. Түрме деген атымен болмаған. Қазіргінің соты, прокуроры, полициясы, ҰҚК-нің жұмыстарын бұрынғының би-шешені төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Дауды тындыру хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асырылып бітіп жатқан. Ертедегі бір бидің өзі осы күнгі соттың, прокурордың, полицияның да, қаншама мекеме, ұйым басшыларының жұмыстарын бір өзі атқарғаны қайран қалдырады. Атқарғанда да ол билердің кесімі, бітімі көпшіліктің көзінше, ашық аспан астында айдан анық жария болып отырған. Ешқандай құпия, алдын ала ымыраласу, пәтуаласу деген болмаған. Билер өзінің сөзін, билік шеші-

мін: “Ау, халайық, бұған не дейсіңдер, ризамысыңдар?” – деп көпшілікке салып, мақұлдасар еді. Қазіргі кездегідей сот үкімі немесе шешімімен келіспеушілік, наразылық болмаған. Ал бүгінгі таңда заңдылықтың бет-бейнесі саналатын сот орындары шешімдерінің кейде сын көтермейтіндігі жасырын емес. Ал сол билер шешімдеріне қарап отырып, ойға қаласың. Не деген әділдік! Бұдан артық қандай жариялылық болмақ. Демократиялық қағидаларды, адамгершілік турасындағы ұғымдарды біз басқадан емес, ата-бабаларымыздан үйренуіміз керек». Сондықтан халық өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған, әділ билік айтатын шешен, билерін ханнан бетер қадірлеп, сыйлап, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін әрқашанда жадында сақтап келген – деген еді.

Осы күнгі ел басқарып жүрген басшылар, әкімдер мен әкімқаралар, министрлер, төрағалар, ғалымдар, заң қызметкерлері арасынан, “пәленше министр айтқан шешен сөз, түгенше ғалым айтқан көсем сөз”, “ана сот былай депті” деген тапқыр сөздер ақпарат көздерін алудың түрлі жолдары күннен-күнге дамып отырған қазіргі жағдайда неге ел арасына таралмайды?» деген заңды сұрақ туады.

Осының барлығы өзіміздің ілкіден келе жатқан ата-баба дәстүрін сақтамауымыздан, ана тілімізді ардақтай білмегендігімізден, балаларымызға ұлттық салт—дәстүріміз бен ана тілінің қадір-қасиетін ұғындырып, отбасылық дұрыс тәрбиелік бағыт-бағдар бере алмағандығымыздан болып отырғандығы жасырын емес. Әлі күнге басқа тілге табынып, өз тілімізге өгей көзқараспен қараушылық жағдайы азайып отырған жоқ. Сондықтан батпандап кіріп асқынып алған дертіміздің бетін қысқа мерзім ішінде бері қартату оңай шаруа емес.

Тәуелсіздіктің арқасында өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда ендігі салғырттығымыз бен мәңгүрттігімізді тарих ешқашан кешірмесе керек.

Қазақта ұлттық салтқа сүйіспеншілік сезімі әлі тұйықта тұр. Отбасылық дәстүр ыдыраңқы. Басқаға таңданыс бар да өз ісімізге талпыныс енжар. Ал шетелде жүрген

қазақтардың отбасындағы ынтымағы, өнегесі өзгеше, салт-дәстүр негізіндегі ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөледі. Ол – ұлттық сезімнің өрлігі. Бізде осы ұлттық сезімнің әлсірегені анық па деген ой келеді. Сондықтан елге, ұлтқа, Отанға, жерге деген сүйіспеншілік те солғын. Бұған, керісінше, рулар жаңғырығы басым. Қазақ елі тәуелсіздік алып, дербестік жолына түскен бүгінгі таңда халқының болашағы үшін жаны күйінетін әрбір ер-азамат өзінің шаңырағын биіктетіп, отбасында отаншылдық, ұлтжандылық тәрбиесін жетілдіру жолында құлшынып, айрықша көңіл бөлсе, бүгінгі жағдайымыз көш ілгері болар еді. Бұл – әрбір азаматтың борышы. Сондай табанды әрекеттер арқылы ғана халқымыздың ой-санасындағы жұлдыздары қайта жанады. Ұлттық тәрбиенің мұраты да сол.

Қазақтың тілі сұлу, көркем де оралымды, ұшан-теңіз бай тіл. Ана тілінде қазақтың қаны мен жаны, төзімі, мәрттігі, кеңдігі, адалдығы, ақжүректілігі, қайырымдылығы сияқты адамгершілік асыл қасиеттері жатыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ өз ішіндегі жер дауы, құн дауы сияқты күрмеуі қиын дау-дамайдың барлығын билер кеңесі арқылы шешіп отырған. Мұның басты себебі – қазақ баласының ақылды, жүйелі сөзге, әділ кесімге тоқтайтын мәрттігі. Сол кесімді бұлтартпай айтып, әділ үкім шығарған билер халықтың зор құрметіне бөленген. Қазақ ұрпағы қай елде, қандай өкімет иелігінде болса да, өз ішіндегі дау-дамайды, өкімет мекемелеріне барып шешіп беруін өтіруді әдет етпеген. Керісінше, тек өзінің даналық заңының жүйесімен жасалған шешімді даналық деп білген, соған ақыл тоқтатқан. Мұның басты себебі – қазақ баласының ақылды, жүйелі сөзге, әділ кесімге тоқтайтын мәрттігі. Сол кесімді бұлтартпай айтып, әділ үкім шығарған адамдар билер болған. Олар сондай қасиеттермен ардақталған.

Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жүкшісі. Биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділдіктің туын жықпаған кісі көтерілген. Би